


Хроника

Бұл мақала 31 мамыр күні «Алаш айнасы» электронды порталында жарияланды:
https://alashainasy.kz/kazak_tarihy/murat-juryinov-tamyir--jastarga-ulg-bolar-onegel-ktap-124499/

Мұрат Жұрынов:
«Тамыр» – жастарға үлгі болар өнегелі кітап



Мұрат Жұрынов,
КР Ұлттық ғылым академиясының академигі

«ТАМЫР» – ЖАСТАРҒА ҮЛГІ БОЛАР ӨНЕГЕЛІ КІТАП

Кәрім Мәсімовтың әкесі Қажымқан Мәсімұлы жайлыша жазған "Тамыр" кітабының жаңық коргеніне көп бола қоймаса да, оқырмандар тарапынан жақсы пікірлер айтылуда. Бұл кітапта автор өз дүлетінің тамырын, өмірін баяндайды. "Мен үшін әкем – ертеңгі бұтақтың биік болуы үшін тереңге кеткен тамыр. Жай емес, Алтын тамыр", – дейді Кәрім Қажымқанұлы. Ел мен жерге деген сүйіспешіліктің дәнін ұрпағына сіңіре білген әкесі жайлыша жүрек тебірнентерлік естеліктер мен сағынышқа толы орнекті ойларын қағазға түсіре отырып, автор әке мен бала арасындағы тығыз байланысты көркем әрі қарапайым тілмен жекізеді. Бұл туралы "Тамыр" кітабымен оқып танысқан белгілі академик Мұрат Жұрынов мырза тарқатып айтты берді.

– Кәрім Мәсімов мырзаның "Тамыр" кітабын оқып шықтым. Ол өзінің әкесі, балалық шағы мен жастық кезеңі жайлыша жазады. Кітап өте шынайы, көркем тілмен жазылған. Кітаптың тартымды жазылғаны соншалық, мен түн жарымына дейін бас алмай, бір демде оқып шықтым. Мен Қажымқан ағамызбен таныс болдым. Ол кісі жоғары білімді, парасатты, ұйымдастырушылық қабілеті өте жоғары адам еді. Омскіде оқып, инженер мамандығын игерген Қажымқан ағамыз көптеген қызметтер атқарды, сонын ішінде атап айтартылығы, Алматыдағы кірпіш зауытын басқарды. Ол кісі ең төменгі көрсеткіштен осы зауытты бірінші орынға шығарған. Міне, бұл оның ұйымдастырушылық қабілетінің жоғары екендігінің дәлелі. Соңдай-ақ ол өмірде өте белсенді адам болды. Үнемі халықтың жағдайын ойлап жүретін, үйлер салды, өзінің туған жеріне үлкен мешіт салған. Мешіт салу деген адамның жүргегінің тазалығына байланысты, ақшаң бар ма, жоқ па, бұл маңызды емес. Мешіт салу деген сөз – сол ауыл тұрғындарының болашағын ойлау деген сөз. Қазіргі жемқорлық жайлаған заманда мешітке барып, хақ жолда жүрген жастардан үлкен жақсылық, жарқын болашақ күтеміз. Бақыла аттанар күні қасында болғандар айтады, сол күні ол кісі өз ауыльндағы мешітке барыпты. Бәрімізде Алланың құлымыз той, Мешітке барған адам Алладан кешірім сұрап, құран оқып, жақсы тілек тілейді. Қажымхан аға өзі мешітке барған күннің түнінде соңғы сапарына аттанипты.

Әкесі қайтыс болған кезде Кәрім Қажымханұлы Қытайда іссапарда жүрген еді. Өзі мына кітабында жазады, «Мен Бейжінде тағы бір аптадай болуым керек еді, бола алмадым, бірақ сол күні өте маңызды мемлекеттік құжатқа қол қою үшін бір күнге қалдым» дейді. Жалпы мұсылмандарда, әсіресе қазакта баланың әкесіне топырақ салуы парыз. Кітапты оқып отырып, өзімнің әкем қайтыс болғанда сонау Мәскеуден ұшып келгенім есіме түсті. 1980 жылы Мәскеуде докторлық диссертациямды қорғап жүрген едім. Ойда жоқта әкем қайтыс болғаны туралы хабар келді. Билет тапши заманда ауылға зорға жеттім, бір Алла бұйырып, әкемнің жаназасына үгердім. Кәрім Қажымханұлы да әкесіне топырақ салды, өзінің міндетін орындағы, бұл да өмірде адамға берілген сын. Егер адамға әкесіне топырақ салу бұйырмаса өмір бойы ойында жүреді, бұл үлкен өкініш.

Қажымқан ағамызды осы Ғылым академиясынан шығардық, Кенсайға апарып жерледік. Ол кісімен қоштасуға біраз адам жиналды. Бәрінің айтатыны, ол кісінің қайырымды, жанашыр, еңбекқор адам болғандығы. Кез келген уақытты алдына келген адамнан «менен қандай жәрдем керек» деп тұратын. Мұндай адам өмірде көп емес. Адамда сүйкіммен қарайтын мінез болу керек, Ол Аллаға сенген адам, біреуге титтей жақсылық жасаса Алладан қайтатынын біletін.

Екеуміз анда-санда жолығып қалғанда ол маған өзінің жобалары жайлыша энгімелеп отыратын. Құрылыс саласына 1-2 айда 2-3 қабатты үйлерді салып тастанайтын америкалық технологияларды енгізді. Бұдан бөлек қайырымдылық қорлар ашты. Ол шетелдерге көп шығатын, жанашылдыққа жаны құмар жан кез келген жақсы дүниені бойына сіңіріп, елімізге алып келуге тырысатын. Осының бір дәлелі ол кісі хатха йогамен айналысты. Шетелде йоганың жаттығуларын өзі үйреніп,

елге алып келіп, халыққа таратты, Қазақстандағы Йога қауымдастығының президенті болды. Жасы келген адамдар үшін йога өте пайдалы. Ол ылғи осылай халыққа жақсылық жасап жүретін.

Қажымқан Мәсімұлы табиғатынан қарулы адам еді. Ол өмірінің сонына дейін тынбай еңбек етті. Өкінішке орай, Қажымқан аға 80 жылдық меретойына санаулы күндер қалғанда бақыға кете барды. Жалпы, Қажекенің тағдыры адам қызығатын тағдыр деп есептеймін. Ата-ана үшін ең керек нәрсе не? Бала-шағасының аман болып, өсіп-өнгегі. Мінекей, мына Кәрім баласы Мәскеуде жақсы білім алды, лауазымды қызметтер ақарды, екі рет Премьер-министр болды, қазір міне Ұлттық қауіпсіздік комитетінің терағасы, Еуразиядағы ең мықты, сыйлы қызметкерлердің бірі десек қателеспейміз. Осының бәрін әкесі көрді, қуанбады дейсіз бе, қуанды. Баласының өскенін көрген әке қуанады, бақыт құшагында болды. Бірақ ол кісі балам ұлken қызметте екен деп ешқашан шалқайған емес. Соңдықтан да меніңше, Алла тағала Қажекеңде жақсы өмір сыйлады.

Баласының ұлken жетістікке жетуіне себепкер әрине, әкенің тәрбиесі. Қажымқан аға өзі жетім өссе де, өз күшімен аяғынан тұрған адам. Соңдықтан да болар ол баласын жоқ пен бардың қадірін білуге, қындыққа тәзуге үйретті. Кәрімнің өзі айтқандай, әкесі оны жазғы демалыстарда ағайын-туысқа ауылға жіберіп, кара жұмысқа араласуын қатты қадағалапты. Бұл баласы піссін, шынықсын дегені ғой. «Баланды аясан, аяма» дейді қазақ. Міне, Қажымқан аға осы қағиданы ұстанған. Бала Кәрім қыш құйып, құрылысқа да араласты. Ауыл адамдары сыншы келеді емес пе? Қай бала жалқау, кімнің еңбеккөр, төзімді екенін біліп отырады. Кәрім ауыл адамдарымен араласып өсті.

Кәрім Мәсімов әкесін құрметтеп, қадірін білген бала. Оның әкесі туралы толғанысының өзі әкесіне деген балалық парызының бір көрінісі.

Қажымқан Мәсімұлының өмірі – шындығында кітап жазуға тұрарлық өнегелі ғұмыр болды. Өмірден алынған осындаш шынайы дүниелерді қазіргі жастар оқыса деймін. Кітап көп данамен шығып, жастарға жетсе деген тілегім бар.